

Еуропалық Одақтың Erasmus+ «EDUFUSION» жобасы қатысушыларының алғашқы жұмыс кездесуі

Еуропалық Одақтың Erasmus+ «EDUFUSION» жобасы қатысушыларының алғашқы жұмыс кездесуі

2025 жылғы 14–17 қаңтар аралығында Португалияда «Тұрақты өсімге арналған желі (EduFusion NSG) / Network for Sustainable Growth (EduFusion NSG) EduFusion» жобасы қатысушыларының алғашқы жұмыс кездесуі өтті.

Жоба 2024 жылғы 1 желтоқсанда бастау алды. Жобаның үйлестірушісі – Португалдағы Политехникалық институт (Португалия).

EduFusion NSG жобасы Қазақстандағы білім беру сапасын арттыруға бағытталған кешенді әрі ауқымды бастама болып табылады. Жоба инклюзивтілікке, экологиялық тұрақтылыққа және кәсіпкерлік белсенділікті дамытуға ерекше назар аударады. Жобаның негізгі міндеттерінің қатарында білім беру бағдарламалары мен оқытушыларды аккредиттеу, STEAM бағыттары бойынша онлайн курстар әзірлеу, сондай-ақ жастар мен әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған инновациялық орталықтар мен инкубаторлар құру көзделген.

Жобаның мақсаты – Еуропа мен Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында университеттер мен бизнес құрылымдарының өзара іс-қимылын тұрақты әрі кешенді дамытуға бағытталған желі құру.

Жобаның міндеттері:

- білім беру бағдарламалары мен оқытушыларды аккредиттеуді инновациялық білім беру платформаларымен ұштастыру;
- гендерлік инклюзивтілік пен климаттық бейтараптыққа басымдық бере отырып, **STEAM** және кәсіпкерлік салалары бойынша аккредиттелген онлайн курстар ұсыну;
- жастар мен әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға арналған инкубаторлар мен орталықтар құру;
- академиялық орта мен бизнес арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған портал қалыптастыру, бұл бірлескен жобалар мен тағылымдамаларды іске асыруды жеңілдетеді;
- жастарға арналған шеберлік сабақтары мен біліктілікті арттыру курстарын өткізу.

Алғашқы жұмыс кездесуіне Қазақстан, Португалия және Испаниядан 11 серіктес ұйым қатысты. Кездесу барысында 2024–2028 жылдар аралығында жобаны іске асырудың жоспарлары мен стратегиялары талқыланды.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің атынан жобаның жергілікті үйлестірушісі, білімді тарату кеңсесінің басшысы Мусаева Мадина Алтаевна қатысып, университеттің мүддесін таныстырды.

Қатысушылар өз ұйымдарын таныстырып, тәжірибелерімен және жоба аясындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерімен бөлісті. Бұл серіктестердің күшті жақтарын бағалауға және жобаның мақсаттарына қол жеткізу үшін ортақ тәсілдерді айқындауға мүмкіндік берді.

Консорциум серіктестері арасындағы, соның ішінде білім беру және бизнес құрылымдарын қамтитын ынтымақтастық Қазақстанда еңбек нарығының талаптарына сай келетін және өңірлердің тұрақты дамуына ықпал ететін жаңа, жоғары сапалы білім беру ортасын қалыптастыруға жол ашады.

Участники встречи:

Есинбаева Жанна Уакасовна - заместитель председателя Комитета высшего и послевузовского образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан;

Тусупбекова Айнура Кайыржановна - координатор, PhD, ассоциированный профессор кафедры радиопроизводства и электроники, физико-технический факультет, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова;

Карстина Светлана Геннадьевна - д.ф.-м.н., профессор кафедры физики и нанотехнологий, физико-технический факультет, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова;

Ермекбаев Самгат - проректор по международному сотрудничеству и стратегическому развитию, Satbayev University;

Мусаева Мадина Алтаевна - руководитель офиса распространения знаний, КАТИУ им. С. Сейфуллина;

Денисова Оксана Касымовна - начальник офиса сопровождения научно-исследовательских проектов (sor office), Департамента научно-исследовательской деятельности, Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева;

Юсубалиева Мадина Файзуллиновна - старший научный сотрудник офиса исследований (research office), Департамент научно-исследовательской деятельности, Восточно-Казахстанский технический университет им. Д. Серикбаева;

Сағидолда Ерулан - директор по внешним связям и стратегическому развитию, Центрально-азиатская ассоциация по аккредитации образования;

Абазов Рафис Фанисович - PhD, проректор по международному сотрудничеству, Директор института зелёного и устойчивого развития, Казахский национальный аграрный исследовательский университет;

Буркитбаев Мукаш Мырзабаевич - профессор кафедры неорганической химии, КазНУ им. аль-Фараби;

Ханиев Бакыт Абайұлы - ст. преподаватель кафедры электроники и астрофизики, КазНУ им. аль-Фараби.

Кездесуге қатысушылар:

Есинбаева Жанна Уакасовна - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары;

Түсіпбекова Айнура Қайыржанқызы- үйлестіруші, PhD, радиофизика және электроника кафедрасының қауымдастырылған профессоры, физика-техникалық факультеті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті;

Карстина Светлана Геннадьевна-ф.-м. ғ. д., физика және нанотехнология кафедрасының профессоры, физика-техникалық факультеті, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті;

Ермекбаев Самғат-халықаралық ынтымақтастық және стратегиялық даму жөніндегі проректор, Satbayev University;

Мусаева Мадина Алтаевна-білім тарату Кеңсесінің Басшысы, С. Сейфуллин атындағы КАТЗУ;

Денисова Оксана Қасымқызы- Ғылыми-зерттеу жобаларын сүйемелдеу кеңсесінің басшысы (sor office), ғылыми-зерттеу қызметі департаменті, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті;

Юсубалиева Мадина Файзуллиновна - Зерттеулер кеңсесінің аға ғылыми қызметкері (research Office), ғылыми-зерттеу қызметі департаменті, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті;

Сағидолда Ерулан-сыртқы байланыстар және стратегиялық даму жөніндегі директор, білім беруді аккредиттеу жөніндегі Орталық Азия қауымдастығы;

Абазов Рафис Фанисович-PhD, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор, жасыл және орнықты даму институтының директоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті;

Бүркітбаев Мұқаш Мырзабайұлы-бейорганикалық химия кафедрасының профессоры. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

Ханиев Бақыт Абайұлы-электроника және астрофизика кафедрасының аға оқытушысы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

